МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
I - апта ( 02-06 мамыр 2022 жыл)

Бекітемін:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

**Өтпелі тақырып**: «Әрқашан күн сөнбесін »

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02. 05 | Сейсенбі 03.05 | Сәрсенбі 04.05 | Бейсенбі 05.05 | Жұма 06.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 16 | | | | |
| **Ойындар, үстел үсті, саусақ жаттығулары** | **мереке** | **т.с № 11 Каротека<br>«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»** | **қ.с № 7 картотека.<br>Ойын: «Сиқырлы айна»** | **ш.с № 15 Картотека** | **ә.с № 11 Картотека<br>Кім жылдам?** |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Кім қайда тұр?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Кім қайда тұр?»<br>**Шарты**:.балалардың орналасуын айтады.Оң жақ, сол жақты табады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Зат қайда жатыр?»**<br>**Шарты;** Айналасына қарап заттарды таба отырып оларға талдау жасап, әртүрлі заттардың қай жерде орналасқанын талдау, салыстыру, қарапайым ой қорытындысын жасауға үйренеді.<br>**Еркін ойын:** «Есептар шығару»<br>**Шарты:** Есептер шығарады. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** В, Щ дыбысы.<br>ҰОҚ мақсаты: В мен Щ дыбысымен танысады. В, Щ дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу. Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландырады. Сөздерді буындап оқи білуге үйренеді.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>"Таяқшаға таянып 3 цифры В болды"<br>**Шарты:**«В» ұяң дауыссыз дыбысымен танысады, неге ұқсайтынын айтып, ауада жазады. «Кел оқиық»<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>"Сиқырлы әріптер әлемінде" Ш,Щ<br>**Шарты:**Ш.Щ әлеміне саяхатқа шығу арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,қатаң ш,щ дыбыстарының айтылуымен ,дыбысталуын,жазылымдағы ерекшеліктерін көрсету.<br>**Еркін ойын :**Дауысынан таны<br>**Шарты:**Дымбілмеске дауыссыз Ш,Щ дыбыстарынан келетін сөздерді тауып айтуға көмектесу.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Достық мерекесі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Достық мерекесі туралы түсінік береді. Ғаламда көптеген ұлттар тұратыны туралы түсінік алады. Әр ұлтты дос деп | **1.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** Мысық.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Мысық бейнесін құрастыру жолдарымен танысады. Сіріңке қорабын қолдана отырып мысық бейнесін құрастырады. Әр бөлшекті дұрыс қия білуге қолдарын дағдыландырады. Бейнені дұрыс бейнелейді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>**«Суретті сәйкестендір»**<br>**Шарты:**Суреттерді сәйкестендіре отырып мысықтың дыбысын, қимылдарын сала біледі.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Мысық»**<br>**Шарты:**Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере біле отырып мысықты құрастыру арқылы күрделі емес композиция жасайды.<br>**Еркін ойын:Сюжеттік рөлдік ойын «Тышқан мен мысық».**<br>**Мақсаты:** Балалар сергіп қуысып, ойнайды. | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Қонақ келсе қуаныш.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қонақ, қонақжайлық қонақты күтіп жағымды қарым-қатынас жасауға үйреніп,қолдана алады<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Суретпен жұмыс»**<br>**шарты: сурет арқылы әңгіме құрастырады.**<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Қонақ күту»**<br>**шарты:** қонақ күту кезінде қандай болу керек. Не істеу керек?<br>**Еркін ойын:** «Дастархан жасайық»<br>**шарты:** стол жасау үшін түрлі тамақтар жапсыру<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Құстар-біздің досымыз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыра |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Мысалдың мазмұнын түсініп, қайта айта біледі, байланыстырып сөйлеуін дамытады, дұрыс сөйлеу дағдылрын қалыптастырады, еңбекқор болуға тәрбиеленеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Суреттер сөйлейді.»<br>**Шарты:**Сурет бойынша бір-біріне театр түрлерін баяндап айтып түсіндіреді.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.»<br>**Шарты:** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш. драматизациялай отырып ойындарының және режиссерлік театрландырылған әрекеттің алуан түрлерін қолданады<br>**Еркін ойын**<br>«Сиқырлы ертегілер»<br>**Шарты:**Өзің ойнағың келетін ертегі кейіпкерлердің суретін сал.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Ғажайып ұшақ.<br>**ҰОҚ мақсаты**: Күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрену, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыта алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Аспан әлеміне саяхат».<br>**Шарты: «**Аспан әлеміне | әңгіме құрастырады, сөздік қорларын молайта алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Ынтымағы жарасқан ел»<br>**Шарты:** Мамыр ынтымағы жарасқан қазақ елі туралы елімізде тұратын ұлттарды силауға олармен достық қарым қатынаста болу керек екенін түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын** «Достық мерекесі»<br>**Шарты:**Өз ойын айту арқылы басқалардың пікірін тыңдай отырып қазақ жері бауырластар мекені,достықтың құтты ұясы екені туралы әңгімелеу.<br>**Еркін ойын**<br>«Достығымыз жарасқан»<br>**Шарты:**Достығымыз жарасқан әнін орындау, бір біріне тілек айту<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Едет, летит, плывет.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Обогащать словарь новыми словами, учить подбирать слова по смыслу; закреплять умение слушать и отвечать на вопросы предложениями из 3–4 слов, развивать связную речь, внимание, память, воображение; воспитывать интерес к различным видам транспорта.<br>**И/Р/У «Повторялочка».**<br>– Вот и приехали мы на выставку. Давайте посмотрим, что здесь есть.<br>Дети подходят к столику, где расставлены игрушки. Рассматривают и<br>называют знакомый транспорт: автобус, самолет, поезд, грузовик. **Р/У «Посчитай и назови сколько»**<br>Педагог выставляет игрушки, просит посчитать и сказать сколько.<br>Педагог дает образец. Одна машина – две машины.<br>Один самолет – пять самолетов.<br>Дети считают, называют число. **Физминутка «Едем, едем...»**<br>Едем, едем на машине,<br>Нажимаем на педаль.<br>Газ включаем, выключаем,<br>Смотрим пристально мы вдаль<br>Дворники счищают капли.<br>Вправо. Влево. Чистота! | | **2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** 1.Қазақ халқының ұлттық ойындары. 2. Менің достарымның ойыны.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Заттарды көлденең нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді, «малдас құрып отырып» ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, қағып алуды үйренеді.<br>«Тез алып, тез қой!» ойын жаттығуы.<br>Балалар музыка ырғағымен өз шаршысының айналасында жүгіреді. Музыка тоқтап қалғанда шаршыны тез бастарына қойып, денелерін түзу ұстап тұрады. Бір-бірінің артына бір баладан тізбекке тұрып шаршыны қояды<br>да, допты алып екі-екіден қатарынан тізіліп тұрады.<br>Қатарынан сапта тұрып кеуде тұсынан екі қолмен алысқа іші толтырылған доп лақтырады (тізбекпен біртіндеп орындайды). Бүгілген қолды бар күшпен жазуға назар аударады.<br>***«Қарлығаштар мен қырандар»*** **қимыл ойыны:**<br>Балалар қалауына қарай «Қарлығаштар» және «Қырандар» болып екі топқа бірігеді. Ойынға қатысушылар зал ортасын-<br>да бір-біріне арқамен теріс қарап тұрады. Белгі берілгенде, «Қырандар» «қарлығаштарды» ұстайды және керісінше. Бала-<br>лар саны артқан топ жеңеді.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Ұшақтар шеруі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Бүктеу әдісі арқылы жіңешке қиықтарды қию жолдарын үйренеді. Кеңістікте | Тілендиев туралы түсінік береді. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Ойдан би шығару іскерліктерін дамытады. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттырады. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға үйрене алады.<br>**Музыка тыңдау: «Көкек»** (Х.Мұхамедова, А.Рахат, аударған М.Әлімбаев) әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұраймын. Ән сипатын, мағынасын әңгімелеймін. Балалардан сұраймын.<br>Көктем, көктем, көктемде<br>Құстардың бәрі де<br>Әнші болып кеткен бе?<br>Біз де ән салайық,<br>Шығып алып бөктерге!<br>Көктемде ұшып келеді,<br>Жаздай концерт береді.<br>Өз атын өзі шақырады,<br>Сөйтіп күнді батырады.<br>Тұмсығымен ояды,<br>Ағаш құртын жояды. **Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»** (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларын, дауыс ырғақтарына көңіл бөлемін.<br>**Ән үйрену: «Көктем»** (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретемін. Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталамын. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсетемін.<br>Дидактикалық ойын: «Не қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саяхат» атты ойын ұйымдастыру, ғарыш, планета туралы, ұшқыш батырлар жайында әңгімелеп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Ғарыш»<br>**Шарты:**<br>Сурет салуда түрлі түсті қарандаштан планета жұлдыздарының бөлшектерін салады.<br>**Еркін ойын:**<br>«Ұшақ»<br>**Шарты:** Аспан әлеміне қанатын жайып, баяу қозғалып ұшып ойнайды.<br><br>**4.В/К Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы:**<br>«Біздің ойындар»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме ұйымдастыру. Альбом жасау.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Сүйікті ойыншығым»<br>**Шарты:**топ бөлмесіндегі ойыншықтар туралы әңгімелесіп,өздерінің сүйікті ойыншықтарына қарап мүсіндеуді ұсыну.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Көңілді ойыншықтар»<br>**Шарты:**Ортақ композиция жасау үшін ұжымдық мүсіндеудеөздерінің ұнаған ойыншықтарына қарап мүсіндеу дағдылары дамыды.<br>**Еркін ойын**<br>«Ойыншықтар»<br>**Шарты:**Өздерінің жасаған сүйікті ойыншықтарымен ойнау. | Волосы ерошит ветер.<br>Мы шоферы – хоть куда!<br>Дети повторяют слова и движения за педагогом.<br>**И/У «Летает – едет – плывет»**<br>Педагог показывает картинки. Если воздушный транспорт, дети должны<br>показать крылья (руки в стороны), наземный – топать ногами, а если плывет –<br>собрать руки рыбкой. Слова: самолет, машина, ракета, автобус, лодка<br>**Р/И «Доскажи словечко» «Как передвигается транспорт»** Я начну предложение, вы должны его закончить:<br>Пароход плывет, а машина….<br>Поезд едет, а самолет… .<br>Самолет летит, а автобус… .<br>Пароход плывет, а поезд… . Ракета летит, а лодка… .<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Құстар-біздің досымыз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыра алады. Күйші-композитор Н. Тілендиев туралы түсінік береді. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Ойдан би шығару іскерліктерін дамытады. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттырады. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға үйренеді. Үнтаспада **«Жануарлар әлемі»** әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынамын.<br>Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады. Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік.<br>**Музыка тыңдау: «Көкек»** (Х.Мұхамедова, А.Рахат, аударған М.Әлімбаев) әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұраймын. Ән сипатын, мағынасын әңгімелеймін. Балалардан сұраймын.<br>**Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»** (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларын, дауыс ырғақтарына көңіл бөлемін.<br>**Ән үйрену: «Көктем»** (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретемін. Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталамын. Дыбыс ұзақтығын | түзу сызық бойымен әдемі орналастыра білуге үйренеді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын :** «Аспан әлеміне саяхат».<br>**Шарты:** Ұшақ туралы, ұшқыш батырлар жайында әңгімелеп түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Суретші нені шатастырды?»<br>**Шарты:** Сурет бойынша суретшінің нені шатастырып алғаны туралы сұрақ қояды. **Еркін ойын:**<br>«Ұшақ»<br>**Шарты:** Ұшақтарды жапсырады.<br><br>**4.В/К Ойнаймыз, ойлаймыз.**<br>**Тақырыбы:**<br>Арифметикалық лото.<br>Мақсаты:<br>Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтау.<br>Педагог жетекшілігімен ойын:<br>«Ажырата біл»<br>**Шарты:** үй құстары мен дала құстарын ажыратады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>« Орналастыр»<br>**Шарты:**Құстарды өз орнына орналастырады. Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшаып кететін құстар.<br>**Еркін ойын:** « Құстар»<br>**Шарты:** Құстардың суретін салады. | шақырады?»<br><br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Дәрумендер.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажырата біледі. Дәрумендердің пайдасын түсінеді. Дәрумендер қорын біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**«Дәрумендер пайдасы»<br>**Шарты**:<br>Жемістер мен көкөністерде қандай дәрумендер болатынын айтады.<br>**Құрлымдалған ойын:**“Сиқырлы дәрумендер”<br>**Шарты**:.Суреттер арқылы қай дәрумен қандай жемісте,көкөністе болатынын табады<br>**Еркін ойын:**«Дәмін білде,ажырат» **Шарты:**сезіну арқылы дәмін біл<br><br>**4.В/К Логика әлемі.**<br>**Тақырыбы:**<br>**6 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:**<br>**6 санымен және цифрымен таныстыру.**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Тез есепте»**<br>**Шарты:** жұмбақ есептер шығарады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Ғажайып тапсырмалар»**<br>**Шарты:**Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын біледі.<br>**Еркін ойын:** «Күрделі тапсырма»<br>**Шарты:**мысалдар мен есептерді шеше біледі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алақандарымен шапалақтау арқылы көрсетемін.<br>Дидактикалық ойын: «Не қалай шақырады?» | | |
| **Серуен, бақылау** | | **Серуен № 2**<br>**Жолжелкенді бақылау**<br>**Мақсаты**:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. | **Серуен № 3**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. | **Серуен № 4**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. | **Серуен № 5**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. |
| **Баланың даму картасы** | | қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атау. | үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасату. | табиғатқа қамқорлық танытудың қажеттілігін түсіну және білу. | табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың бастапқы дағдыларын игерту |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | сандарды тура және кері санату | әріптерді қайталату. | Ертегі айтып үйрету, сөздік қорын дамыту, көбейту.. | қайшымен жұмыс жасату. |